

**«№58 Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінде өткен ата –аналар жиналысының
хаттамасы**

09.01.2024ж

Қатысқаны – 18

Күн тәртібінде:

1. 2023-2024 оқу жылының ІІІ тоқсанының басталуы және құқықтық тәртіп бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың алдын алу. (ДТЖЖО А.Ибрагимов)
2. Мектеп формасы туралы. (тәлімгер С.Мамытбеков)
3. Мектептегі буллинг пен ерте жүктіліктің алдын алу. (педагог-психолог Е.Махамадханов)
4. Басқада мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ж.Абдуалиев жалпы ата-аналар жиналысының өткізу мақсаты «№58 Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қаңтар, ақпан және наурыз айларына арналған тәрбие жұмысының айлық және жылдық жоспарына сәйкес атқарылатын жұмыстарымен таныстыра отырып, «Жасөспірімдер арасында құқықтық тәртіп бұзушылықтың алдын-алу» тақырыбында екендігін айтып сөзін бастады. Ол өз сөз барысында бала тәрбиесіне ата-аналардың тікелей жауапты екенін баса айтты. Ата-ана өз балаларының парасатты, білімді азамат болып өсуіне жағдай жасау керек. Жасөспірімдердің құқықтық тәртіп бұзушылығының алдын алу-қазіргі кезеңдегі маңызды міндеттердің бірі болып саналатынын ескертті.

«Ұяда не көрсен , ұшқанда соны ілерсін» дегендей отбасылардың барлығының жағдайы жақсы бола бермейді, кейбір келеңсіз отбасыларда болады, олармен тек түсіндіру шаралары арқылы ықпал ету жеткіліксіз болады. Бұл жағдайда қоғамдық ықпал медициналық және құқықтық шаралар қолданған жөн. Балалық шақтан өткен , бірақ әлі ересектікке жетпеген 11-12 жас пен 14-15 жас аралығын халық педагогикасында жеткіншек дейді. Бұл кезге «қиын жас», «құбылмалы шақ», «өтпелі кезең» сияқты ұғымдар қоса таңылады. Жеткіншектің бойында бұрынғы бар қасиеттерге жаңа саналар келіп қосылады. Оларды жаңа құрылымдар деп атайды. Осы екіжақтылық салдарынан бала қиналысқа ұшырайды да, оның тәрбиеге көнуіне бөгет жасайды. Осы кезеңде баланың жүріс-тұрысына, сабағына , жалпы тәрбиесіне қатты мән беру ата-анаға байланысты екенін айтты. Балаларының , яғни келешек ұрпақтың тәрбиелі білім алуына мектеппен тікелей байланыста болуға шақырды.

Екінші мәселе бойынша мектеп тәлімгері С.Мамытбеков биылғы оқу жылының барысындағы міндетті бірыңғай мектеп формасын сақтау талаптары бекітілген жалпы мектепшілік бірыңғай мектеп формасын сақтауымыз керек екендігін айтып сөз бастады . Ұлдарымыз бен қыздарымыздың киетін киімдеріміздің түсі бірыңғай қою көк түсті костюм шалбар және юбка мен ақ түсті көйлек екенігін айта кетті. Жеткіншек әлі бала болса да, талап қоюы ересектердікіндей өз мүмкіндігін ажырата алмастан «Бәрін өзім істей аламын, сендер мені әлі бала деп ойлайсыңдар» деп үлкендерге наразылық білдіреді. Сондықтан да бала тәрбиесі өте күрделі мәселе екенін айтты. «Баланы бастан» дейді дана халқымыз. Ендеше бала тәрбиесіне ерекше мән беріп , ата-ана, мектеп, біз-сіз болып ынтымақпен жұмыс жүргізсек, «Қиын бала» деген болмаған болар еді дейді. Балаға мектеп формасын алып берер кезде осы ережені ескеруіміз керек екенін айтты.

Үшінші мәселе бойынша мектептің педагог-психологі Е.Махамадханов мектептегі буллинг пен ерте жүктіліктің алдын алу қазіргі қоғамдағы басты мәселелердің бірі болып тұрғанын айтып сөзін бастады. Адамдар арасында өзін басқа адамнан күшті санап зорлық-зомбылық көрсетіп, қорқыныш үрей туғызып, өз дегеніне мәжбүрлеу бүгінгі

күнде қоғамда буллинг деген атаумен кеңінен таныс. Кез-келген адам жас ерекшелігіне қарамай үйінде, көшеде, оқу орнында немесе тағы да басқа жерлерде буллингке ұшырауы мүмкін. Мектепте бір оқушының екінші оқушыға зорлық-зомбылық жасап, қорқытуының жанжалдасудан айырмашылығы, олар қайталанатын, жүйелі әрекеттер. Оқушылардың жас және мінез-құлық ерекшеліктеріне байланысты өзара келіспей қалуы, тіпті төбелесуі жиі кездесіп отыратын қалыпты құбылыс. Дегенмен мақсатты түрде буллинг жасау жасөспірімнің мінез-құлғындағы ауытқушылықты білдіреді. Келесі мәселе ерте жүктілік. Ерте жүктілік деп 13-19 жаста болатын жүктілікті айтады. Осы уақытта қыз балаларда өтпелі жас кезеңі басталып, гормондық қайта құрылу жүреді. Медицинада 18 жасқа дейін болған жүктілік ерте жүктілік деп саналады. Ерте жүктіліктің негізгі проблемасы бұл жыныстық тәрбие туралы білімінің жеткіліксіз болуы, не болмаса тәрбиенің мүлдем жоқтығы. Көптеген отбасыларда бұл тақырыпқа әңгіме қозғалмай, жабық күйде қалады. Бірақ бұл дұрыс емес. Негізінен, жоспарланбаған жүктіліктің 90% отбасындағы тәрбиеге және қарым-қатынасқа байланысты келеді. Яғни ана мен қыз баланың өзара қатынасы бұзылса, қыз бала «әдейі» бәрін кері істейді.

Сонымен бірге ата-аналарға кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі туралы толық түсінік беріп өтті.

Жарыссөзге мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Е.Шаймаханов пән мұғалімдері М.Омарова, И.Утеев, ата-аналар комитетінің төрағасы С.Мамытбеков шағын өз ойларын ортаға салды.

Жиналыс жоғарыда айтылғандарды тыңдап талқылай келе төмендегідей шешімге келді.


Қаулы:

1. Маңызды да өзекті, болып табылатын бала тәрбиесінің дұрыс жолға қойылуын қадағалансын;
2. Жалпы оқушылар бірыңғай мектеп формасын сақтау керектігі қолға алынсын;
3. Мектептегі буллинг пен ерте жүктіліктің алдын алу бағытындағы жұмыстар жоспарлы түрде жүргізілсін, ата-аналармен байланыс күшейтілсін

Мектеп директоры м.у.а:  А.Ибрагимов

МДТЖЖО:  А.Ибрагимов

Педагог-психолог:  Е.Махамадханов

Хатшы:  Б.Келдебекова

Ата-аналармен өткізілген жиналыс

